

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

БАЛАМАСЫЗ ЛЕКСИКАНЫ АУДАРУ ЖОЛДАРЫ

Мұратбек Әлия Амангелдіқызы

Сәткен Аяулым Нұрланқызы

aliyushmuratbek@gmail.comsatkenayaulym@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Аударма ісі мамандығының
3-курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ph.D докторы Н.Жұмай

Аударматанудың практикалық және теориялық мәселелері туралы жазылған еңбектердің бәрінде де екінші тілде мағыналық-ұғымдық көлемі жағынан сәйкес келмейтін, сол себепті аударылуы қиындық тудыратын немесе тәржімалағанда түсіндіру, суреттеу, шамаластыра аударуды қажет ететін сөздер тобы назарға алынады. Бұларды біз «баламасыз лексика» деген терминмен атаймыз. Баламасыз лексика – халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын реалийлер, атаулар болып табылады. Бұл термин көптеген авторлардың еңбектерінде кездеседі және де оған әртүрлі түсініктемелер беріледі: «реалийдің» синонимі ретінде, сонымен қатар одан да кең «өзге мәдениетте, өзге тілде жоқ сөздер» деп атауға болады. Мысалы, Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров «Язык и культура» атты еңбегінде баламасыз лексика туралы басқа мәдениетте және басқа тілде жоқ ұғымдарды білдіруге қызмет ететін сөздер, тек А мәдениетіне тән және В мәдениетінде жоқ жеке мәдениет элементтеріне қатысты сөздер, сондай-ақ басқа тілге аудармасы жоқ сөздер бір сөзбен айтқанда, олар жататын тілде баламасы жоқ сөздер екендігін айтады [1, 53].

Сондай-ақ, баламасыз лексика ретінде ғалым А.В. Федоров ғылыми-техникалық терминдер де санала алатындығын айтады [2, 135].

Баламасыз лексика – көркем шығарманың тақырыбы мен мазмұнына қарай белгілі бір халықтың мәдени өміріндегі түсініктер мен ұғымдардың және объектілердің атаулары болып табылады. Олар адамдар арасындағы қоғамдық қатынастарға және діни-саяси көзқарастарға қатысты терминдер болуы да мүмкін. Мұндай сөздер мен сөз тіркестері, лексикалық бірліктер сөздіктерде тіркелмейді, тіркелсе де сипаттау, жуықтап аудару тәсілдері арқылы жүзеге асады.

Кейбір тілші лингвисттер, аударматану саласының зерттеушілері баламасыз лексикаға мыналарды жатқызады. Олар: терминдер, этнографизмдер, одағайлар және еліктеуіш сөздер, туыстық атаулар, жалқы есімдер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеулер, діни атаулар, аббревиатуралар, көнерген сөздер, тарихияттар, сөз әдебі формулалар және қаратпалар, эмоционалды және экспрессивті бояуы бар сөздер, фольклор элементтері және т.б.

Зерттеуші С.С. Аверинцевтің пікірінше, әр тілде кездесетін ең жақсы сөздер аударылмайды, оларға балама табылмайды дейді. Аудармашы сол ұлттың салт-дәстүрін, мәдениетін толық меңгермегенше, яғни фондық білімі болмаса, сапалы аударма жасай алмайды деген тұжырымға келуге болады. Қазақ тіліндегі көркем шығармаларда кездесетін лингвомәдени сипатындағы кейбір тілдік бірліктерге назар аударайық.

Түпнұсқада:

Ертеңінде түске жақын, Ли-хүн, Жағыпар, Нұрбектер үгітшілерден бөлініп, бұл ауылдан жүріп кетпек болды. Аттанар алдында оңаша үйде *қымыз* ішіп отырып, Жасыбай қонақтардан *бұйымтай* сұраған (Қ.Жұмаділов. «Соңғы көш»).

Аралық тілдегі нұсқасында:

К обеда следующего дня Ли-хун, Жагфар и Нурбек выехали из аула. Перед отъездом, угощая своих гостей *кумысом*, Жасыбай еще раз спросил, *по какому делу* они посетили его (ауд. А.Самойленко).

Ағылшын тіліндегі аудармасында:

By noon the next day, Li-hun, Zhagfar and Nurbek left the village. Before leaving, while treating his guests with *kumyss*, Zhasybay once again asked *what business* they had visited him for. (translated by A.M)

Жалпы қазақ дәстүрінде *бұйымтай сұрау* деген әдет-ғұрып жолы кездеседі. Үйге қонақтар келіп, ол адамға қонақжайлылық танытылған соң, отағасы қонақтан *бұйымтайын* сұрайды. *Бұйымтай* қонақтар осы ауылға қандай нәрсе сұрап келгендігін және қандай мақсатпен келгендігін анықтау үшін сұралады. Үй иесі қонағы сұраған *бұйымды* беретін. Аударма нұсқасында «бұйымтай» сөзін жалпылама аударған, бірақ әдет-ғұрыптық мағынасына көңіл бөлінбеген. Бұл ерекшелік орыс тілінде де, ағылшын тілінде де көрсетілмеген.

Көркем әдебиетте жиі қолданылатындардың бір тобы – көнерген сөздер, архаизмдер (мысалы: стряпчий, денщик, рядчик, подрядчик, адъютант). Сонымен қатар көркем әдебиеттегі кейбір реалийлер қазіргі қазақ мәдениетінде активті лексика қатарына жатады. Айталық, қазіргі жағдайда адамдардың элеуметтік жағдайын ажырататын нысандардың, бұрын архаизмдер қатарына жатқан сөздер (ханым, мырза, жоғары мәртебелім) активті қолданысқа түсіп отыр.

Американдық ғалым И. Циртаутас қазіргі қазақ тілінде еркелету сипатындағы, ізет білдіретін, адам эмоциясын жеткізетін сөздер тілдің сөздік қорында көп кездесетінін айтады [4, 75]. Біздің тілімізде кездесетін баланы еркелету, жақсы көрген адамына өз сезімін түрлі сөздер арқылы білдіруде көрініс табады. Бұларға эмоцияны, экспресивтілікті білдіретін еркелету, қарату мағынасындағы сипаттама сөздер жатады. Мәселен, құлыншағым, балақайым, қошақаным, ботақаным, балапаным, шырағым, айым, күнім, сәулем, қозым т.б. Баласын, жақсы көретін адамын осындай малдың төлі атауларымен еркелетпейтін өзге халық үшін, мәселен, орыс, ағылшын, аударма барысында бұл атауларға балама табу қиын. Сондықтан біз оларды аударманың форенизация стратегиясы бойынша қалдырып, глоссарийде немесе беттің астына түсіндірмесін жазып қою арқылы ұлт мәдениетінен толық хабар беруге болады деп есептейміз.

Сонымен қатар топтық-иерархиялық атаулар көркем туындыларда белгілі бір тарихи оқиғаларды баяндау үшін қолданылады. Осы көркем шығармалардың ішінде «Жанталас» және «Жібек жолы» атты тарихи романдарда хан, әмірші, тақсыр, қожа, хакім, патша, хан ием, сұлтан, т.б. сөздер кездеседі. Бұл сөздердің көбісі араб тілінен енген, орыс тіліндегі мәтіндерде қарым-қатынас процесі мен сипатталып отырған тарихи кезенді еш өзгеріссіз жеткізу үшін калька түрінде қолданылған: - Тақсыр-ата, бөлінісе қалғанға қайдан білейін; - А как же, тақсыр-ата, если вдруг тайком собираетесь (Д. Досжанов); - Алдымен саған неге адал қызмет істеп келдім, соны біл. Есі дұрыс адам Ұлықбек мырза тәрізді әділетті жанды өзің тәрізді қатыгез ханға айырбастамас болар; -Знай, мой султан, что повелитель-хан не променяет тебя ни на одного из десятиерых (И. Есенберлин).

Қазіргі таңда көркем туындылардың аудармаларын талдау кезінде түпнұсқадағы лингвомәдени бірлік ұлттық колорит, баламасыз лексика, реалий, лакунаға көп көңіл бөлінеді.

Түпнұсқа:

Мал қораланып, ел *орынға* отырысымен, Естайлар «*Алтыбақанға*» баруға жиналды (Қ.Жұмаділов «Соңғы көш»).

Аралық тіл нұсқасында:

Вечером, когда скот был загнан в кошары и люди разошлись по своим *юртам*, джигиты начали собираться *на качели* в аул Нугмана (ауд. А.Самойленко).

Ағылшын тілінде:

In the evening, when the cattle were driven into the folds and the people dispersed to their *yurts*, the horsemen began to gather on *the swing* in the village of Nugman (translated by A.M).

Бұл мысалдағы *алтыбақан* сөзінің өте көп мағынасы бар. Бұрынғы кезде қазақ ауылдарында қыздар мен жігіттер кешкі уақыттарда ойын-сауық құратын. Алтыбақанды жерге қағып, оған әрі-бері тербетілетін арқан тартқан. Бұндай қасиетті алтыбақанды тебуге,

ойнап-күліп, ән-жыр айтуға көрші ауылдардан жастар, ақындар және сал-серілер жиналатын. Аударманұсқада качели сөзімен алтыбақанды жалпылама аударып, бірақ әдет-ғұрыптық мағынасына көңіл бөлмеген. Біздің ойымызша, көркем туындыны аударған кезде, ең алдымен түпнұсқа тілдің мәдениеті, салт-дәстүрі және тұрмыс-тіршілігі туралы хабар беретін лингвомәдени бірлік, лакуна, реалии сияқты маңызды элементтерді басты назарға ұстаған абзал.

Көркем әдебиетте эквивалентсіз лексиканың негізгі түрі – ұлттық реалийлер өте жиі кездеседі, себебі олар сол ұлттың мәдени, рухани, қоғамдық өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан да осы сөздердің басқа тілге аударылу жолдары көп қызығушылық танытады. Бірақ реалийлердің өздері аударылмағанымен (реалий – этнолингвистикалық түсінік, сондықтан да ол басқа тілде лакуна ғана бола алады), олардың атаулары аударылуға тиіс. Бірақ бірнеше еңбектерде «реалийлердің аударылуы» деген тұжырым кездестіруге болады, сонымен қатар «реалий сөздердің аударылуы» мен «реалийлердің атаулары» синонимдес тіркестері қолданылады. Мысалы С. Влахов пен С. Флориннің «Непереводимое в переводе» атты еңбектерінде былай жазылған: «Реалийлер аудармасы» ұғымының аудармасы екі рет шартты қамтиды: реалия, әдетте, аударылмайды (сөздік ретімен) және қайтадан, әдетте, аударма арқылы берілмейді» - делінген [3, 79].

А.В. Федоров «реалийлердің берілуі» деген тіркестің қолданылуы әбден мүмкін, себебі «передача» (берілуі) сөзінің мағынасы кеңірек және экстралингвистикалық түсінікті бере алады [2, 151].

Алайда, біздің отандық аударматанудың негізін қалаушысының пікірінше «басқа тілге аударуға болмайтын сөздер жоқ, кем дегенде сипаттамалық негізде аударуға болады. Берілген тілдегі сөздердің ортақ тіркесімі сөздік аудармасына қатысты, ал бір элементке қатысты мүмкін емес нәрсе күрделі бүтінге қатысты мүмкін, яғни контекстік аудармаға қатысты болуы мүмкін. Демек, мәселе шындықты аудару мүмкін бе, мүмкін емес пе емес, оны қалай аударуға болады дегенге саяды» - деген [2, 182].

Қазіргі уақытта аударма саласында эквивалентсіз лексиканы аудару жолдарының көптеген амал-тәсілдері бар. Олар аудармаларды зерттеу және талдау негізінде қалыптасқан. Мысалы, А.В. Федоров осы сөздердің аударылуының 4 түрін немесе жолын ұсынады:

1. Транслитерация немесе транскрипция (толық немесе жартылай, сөзді түпнұсқадағы қалпында сақтап жазу, яғни сөзді екінші бір алфавиттің әріптерімен таңбалау;
2. Белгілі бір затты атау үшін жаңа сөз немесе сөз тіркесін құру. Бұл сипаттамалы, перифрастикалық аударма;
3. Жақын, мағынасы ұқсас (тепе-тең болмасада) сөзді қолдану – шамаластыра аудару (уподобляющий перевод);
4. Шамамен алынған немесе гипонимикалық аударма. Бірінші тілдегі гипоним екінші тілдегі гиперониммен алмастырылады [2, 151].

Ал С. Влахов пен С. Флорин [3, 87-90] реалийлерді транскрипциямен аударуға болады дейді. Ал оның екінші құрылымына:

1. Калька және жартылай калька болып табылатын неологизмдерді қолдану – сөздің немесе сөз тіркесінің морфемалармен тікелей аудармасы, яғни басқа тілдің сөзжасам үлгісі бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жасау; басқа тілдегі шындықты бейімдеу, дамыту; семантикалық неологизм – аудармашы ойлап тапқан және шындықтың мәнін беруге қабілетті жаңа сөз, сөз тіркесі. Шамаластыра аудару (коннотативтік семантикасы бар сөз бейтарап сөзбен аударылуы) және оның бірнеше түрлері: гиперо-гипонимдік алмастыру – генерализация тәсілі, функционалды аналог немесе функционалды эквивалент, сипаттау, түсіндіру.

2. «Контекстуальды аударма» немесе «сөздік аударма».

А.А. Алдашевның пікірінше, көркем аударма саласында басқа тілдегі, оның ішінде реалды тілдегі балама емес лексиканың мағынасын жеткізуде айтарлықтай қиындықтар жоқ [5, 215]. Ұзақ уақыт бойы бейнелеу жүйесінің біркелкілігі, сондай-ақ қазақ қауымындағы көптілділік жағдайы, қазақ қауымының өркениеттілігі, адамдардың интеллектуалдық деңгейі

нақты атаулардың мәдени-ұлттық ерекшеліктерін тануды жеңілдетеді. Көркем аудармада реалийлерді берудің төмендегідей жолдары бар:

- а) түпнұсқадағы қалпын сақтап жазу (транскрипция);
- ә) қазақ тілінің дыбысталу, айтылу заңдылықтарына бейімдеу;
- б) мәтін ішіндегі суреттеме, түсіндірме түрінде мағынасын ашу;
- в) мағынасы жуықтасатын сәйкестіктердің бірін қолдану.

Сондай-ақ мәтіннің соңына сілтеме арқылы баламасыз лексиканың анықтамасын беру әдісін де пайдалануға болады.

Қорыта келгенде, баламасыз лексика белгілі бір ұлттың мәдениетін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін қамтиды. Баламасыз лексика екі түрлі тіл мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтындығын көрсететін белгілі бір ұлттық компонентпен сипатталады.

Баламасыз лексиканы және оған қатысты барлық түсініктемелерді дұрыс аудару үшін негізгі білім қажет. Сөздіктің баламасыз аудармасының көптеген түрлері бар. Ағылшын тілінің бірегей сөздік қорын қазақ тіліне аудару үшін транслитерация, транскрипция, трансформациялық аударма, калькуляция, сипаттама аударма және альтернативті аударма қолданылады. Заттың немесе құбылыстың сипатына қарай оларды бірге қолдануға болады.

Аталған зерттеу жұмысының басты нысаны – қазақ тілінің бірегей сөздік қоры болып табылады.

Баламасыз лексика – қарым-қатынастағы ең қиын кедергілердің бірі. Өйткені онда шет тілді оқырманға, оның түсінігі мен мәдениетіне тән емес бейтаныс заттар мен құбылыстар суреттеледі.

Осыдан шығатын қорытынды, баламасыз лексиканы дұрыс аудару үшін сол елдің әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік білу қажет. Баламасыз лексика – ұлт ерекшелігін көрсететін, бойынша ұлттық құндылықтар кодын жинаған сөздік қор, әрі осы сөздердің басқа тілге аударылуы – өте күрделі мәселе, себебі олар бір халыққа, ұлттық, тілдік ортаға арналған, яғни аудармашы аудару тәсілдерді дұрыс пайдаланса, түпнұсқаның ұлттық-мәдени ерекшеліктері толығымен сақталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М.: Высшая школа, 1973.
 2. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Уч. пособие. – М.: Высшая школа, 1983.
 3. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Международные отношения, 1980. -338 с.
 4. Циртаутас И. Қазақ тіліндегі еркелету және ізет мағынасын білдіретін сөздер // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар. – 1972. -№4. -756.
 5. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. -215б.
- Қазақ тіліндегі көркем әдебиет және олардың аударманұсқалары:
6. Жұмаділов Қ. Соңғы көш. – Алматы: Жазушы, 1978.
 7. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Жазушы, 1976.

ӘОЖ 81'255.2

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНГЕН ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК СЛЕНГ ТҮРЛЕРІ

Оңал Сая Меирханқызы

onal.saya-2004@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультетінің 2 курс студенті,

Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD докторы Жұмай Нұрмира